Қор дағдарыс жағдайларында келісілген және тиімді ден қоюды қамтамасыз етуге бағытталған өз мандаты шеңберінде кепілдік берілген депозиттерді реттеуге, төлеуге қатысу жөніндегі ішкі басшылықты (playbook) өзектендіреді. Playbook банктер және банк қызметі туралы заң жобасы, ХВҚ-ның FSAP шеңберіндегі ұсыныстары, сондай-ақ дағдарысқа қарсы ішкі және ведомствоаралық жоспарлардың құрылымы аясында әзірленіп жатқан банктерді реттеуге ҚНРДА тәсілі ескеріле отырып жаңартылады. Бір мезгілде Қордың талаптарын қанағаттандыру мақсатында таратылатын қатысушы банктердің кредиторлар комитеті мен тарату комиссияларының құрамында жұмыс жүргізілетін болады.

Қор операциялық тұрақтылық пен институционалдық тиімділікті жетілдіру бойынша жұмысын жалғастырады. Осы бағыт шеңберінде тәуелсіз директорларды іріктеу және оларды Директорлар кеңесінің құрамына ұсыну жөніндегі бағдарламаны әзірлеу жоспарлануда.

Сонымен қатар сенімгерлік басқарушылардың тиімділігіне талдау жүргізіледі. Талдау нәтижелері бойынша қажет болған жағдайда Қор активтерін жеке компанияларға сенімгерлік басқаруға одан әрі беру мүмкіндігі қарастырылуы мүмкін.

Жарналар жүйесін саралауды қамтамасыз ету үшін қатысушы банктердің тәуекел-бейінін бағалау моделін қайта қарау қажеттілігіне талдау жүргізілетін болады.



ҚОР ТУРАЛЫ

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ 1998 жылғы экономикалық дағдарыстан кейін елдің қаржы жүйесінің тұрақтылығын сақтау мақсатында ҚРҰБ Басқармасының 1999 жылғы 15 қарашадағы № 393 қаулысына сәйкес құрылды.

Қор акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған коммерциялық емес ұйым болып табылады. Қордың құрылтайшысы және жалғыз акционері – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.

ҚОРДЫҢ МАҚСАТЫ

Қордың мақсаты қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету, оның ішінде қатысушы банк барлық банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиясынан айырылған жағдайда депозиторларға кепілдік берілген өтем төлеу арқылы банк жүйесіне деген сенімді қолдау болып табылады.

ДКЖ-НІҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

«Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Заңның 3-бабының 2-тармағына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің негізгі қағидаттары:

- депозиттерді қабылдауды, жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашуды және жүргізуді жүзеге асыратын банктердің (Қазақстан Республикасының резидент емес банктерінің филиалдарының) ДКЖ-ға міндетті қатысуы;
- ДКЖ ашықтығын қамтамасыз ету;
- ДКЖ жұмыс істеуіне байланысты тәуекелдерді азайту;
- арнайы резервті қалыптастырудың жинақтаушы сипаты.

ҚОРДЫҢ АТҚАРЫМДАРЫ

«Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Заңның 5-бабының 2-тармағына сәйкес Қор негізгі міндеттерді орындау үшін мынадай атқарымдарды орындайды:

- заң талаптарына сәйкес кепілдік берілген өтем төлеу;
- қатысушы банктердің тізілімін жүргізу;

- Заңның 16-бабында көзделген жағдайда банктің активтері мен міндеттемелерін басқа банкке (банктерге) бір мезгілде беру операциясын жүргізуге қатысу;
- активтерді инвестициялау;
- арнайы резервті қалыптастыру;
- Қордың басқару органы айқындаған тәртіппен кепілдік берілген өтем төлеуді жүзеге асыру үшін агент-банктерге қойылатын талаптарды белгілеу және агент-банктердің алдын ала тізбесін бекіту;
- қатысушы банкті консервациялау кезеңінде тағайындалатын банкті басқару жөніндегі уақытша әкімшіліктің құрамына қатысу;
- қатысушы банкті барлық банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиядан айыру кезеңінде тағайындалатын уақытша әкімшіліктің құрамына қатысу;
- тарату комиссиясы өзі төлеген (төлейтін) кепілдік берілген өтем сомасы бойынша Қор алдындағы берешекті өтеген кезге дейін мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банктің (Қазақстан Республикасының резиденті емес банк филиалының қызметін мәжбүрлеп тоқтататын) тарату комиссиясы мен кредиторлар комитетінің құрамына қатысу.

ҚОРДЫҢ КОРПОРАТИВТІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Қордың корпоративтік құндылықтары кәсіби мәдениеттің ажырамас бөлігі және күнделікті жұмыс пен ұжым ішіндегі және сыртқы серіктестермен өзара іс-қимыл стандарттары құрылатын негіз болып табылады.

Тұрақты нәтижелерге қол жеткізу және қаржы нарығында қазақстандық қоғамның мүдделерін тиімді білдіру үшін Қор ұжымның бірлігі, жауапкершілік және қызметтік міндеттерді адал атқару, кәсібилік пен құзыреттілік, құрмет пен әділ көзқарас сияқты құндылықтарды ұстанады. Сонымен қатар Қор қызметкерлері өздерінің барлық іс-әрекеттерінде заңнама нормаларын, ішкі регламенттерді және этикалық стандарттарды ұстанады.

Есепті жылы Орта мерзімді перспективаға арналған қызметтің басым бағыттарын бекіте отырып, Қор корпоративтік құндылықтарды өзектендіруге кірісті. Басшылықтың да, барлық бөлімшелердің де қатысуымен кәсіби мінез-құлық, ынтымақтастық және сыртқы коммуникациялар үшін негіз болатын, сондай-ақ Қордың дамуының стратегиялық көзқарасын көрсететін бағдарлар тұжырымдалды. Бұл құжат алдағы жылы бекітіледі деп күтілуде.

ДКЖ-ҒА ҚАТЫСУШЫ БАНКТЕР

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ДКЖ-ға ислам банктерін қоспағанда, Қазақстан Республикасында жұмыс істейтін 21 екінші деңгейлі банктердің 19-ы қатысады («Al-Hilal» Ислам Банкі» АҚ және «Заман-Банк» Ислам банкі» АҚ).

Есепті жылы Қор қатысушы банктің 1 куәлігін берді, «Фридом Банк Қазақстан» АҚ («Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ-мен бірге) атауының өзгеруіне байланысты МКҚ-ға қатысушы банктердің тізіліміне тиісті өзгерістер енгізілді. 2024 жылы қатысушы банктердің құрамы өзгеріссіз қалды.

АНЫҚТАМА ҮШІН: 2024 жылғы 22 қарашада Мемлекет басшысы, оның ішінде «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Заңға өзгерістер енгізуді көздейтін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй саясатын реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды (04.12.2024 күшіне енді). Заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес, қағаз құжат айналымын қысқарту және қатысушы банктердің тізілімін жүргізуді оңтайландыру мақсатында ДКЖ қатысушысының банк куәлігін беру және ауыстыру (атауы өзгерген жағдайда) тәжірибесі алынып тасталды.



2024.31.12 ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚАТЫСУШЫ БАНКТЕРДІҢ ТІЗІЛІМІ

1	«ALTYN BANK» («CHINA CITIC BANK CORPORATION LIMITED» ЕБ) АҚ
2	«BANK RBK» АҚ
3	«BEREKE BANK» АҚ
4	«FIRST HEARTLAND JUSAN BANK» АҚ
5	«FORTEBANK» АҚ
6	«HOME CREDIT BANK» АҚ
7	«KASPIBANK» АҚ
8	«ФРИДОМ БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ
9	«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АҚ
10	«ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ
11	«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫТАЙ БАНКІ» ЕБ» АҚ
12	«КЗИ БАНК» ЕБ» АҚ
13	«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ
14	«НҰРБАНК» АҚ
15	«ОТБАСЫ БАНК» АҚ
16	«СИТИБАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ
17	АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ҚЫТАЙДЫҢ САУДА-ӨНЕРКӘСІП БАНКІ» АҚ
18	«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ
19	«БАНК ВТБ (ҚАЗАҚСТАН)» АҚ» ЕҰ

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

Қордың жалғыз акционері (бұдан әрі – Акционер) Қордың жоғары органының атқарымдарын жүзеге асыратын ҚРҰБ болып табылады.

ҚРҰБ төрағасының бұйрығына сәйкес, Акционердің құзыретіне жатқызылған барлық мәселелер бойынша шешім қабылдау құқығы ҚРҰБ төрағасының орынбасары Б.Ш.Шолпанқұловқа берілді.

2024 жылы Акционер өзінің ерекше құзыретіне кіретін ең маңызды мәселелер бойынша алты шешім қабылдады, атап айтқанда:

- 1) Қордың 2023 жылғы жылдық қаржылық есептілігін және таза кірісін бөлу тәртібін бекіту;
- 2) Қордың 2024 жылғы жылдық қаржылық есептілігінің міндетті аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;
- 3) Қордың Жарғысына өзгерістер енгізуді бекіту;
- 4) Қордың Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау.

ҚОРДЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қордың Директорлар кеңесі Қордың Жарғысына сәйкес Қор қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

2024 жылдың басында 6 (алты) мүшеден тұратын Қордың Директорлар кеңесінің мынадай құрамы жұмыс істеді:

Қордың Директорлар кеңесінің төрағасы:

А.М. Баймағамбетов - ҚРҰБ төрағасының орынбасары, Акционердің өкілі.

Қордың Директорлар кеңесінің мүшелері:

Б.Ш. Тәжияқов – тәуелсіз директор;

Ф.С. Қарағұсов – тәуелсіз директор;

В.А. Тутушкин – ҚРҰБ төрағасының орынбасары – ҚРҰБ-ның Алматыдағы тұрақты өкілдігінің басшысы, Акционердің өкілі;

О.М. Көбенбаев – ҚРҰБ Қаржылық тұрақтылық және зерттеулер департаментінің директоры, Акционердің өкілі;

Ә.Н. Өтембаев – Қордың төрағасы.

Сонымен қатар өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты Акционердің шешімімен 2024 жылғы 2 желтоқсаннан бастап 9 (тоғыз) мүшеден тұратын Директорлар кеңесі мүшелерінің жаңа құрамы сайланды (кейіннен Директорлар кеңесінің өз төрағасын сайлауын ескере отырып).

Қордың Директорлар кеңесінің төрағасы:

А.М. Баймағамбетов – ҚРҰБ төрағасының орынбасары, Акционердің өкілі

Қордың Директорлар кеңесінің мүшелері:

Е.Л. Бахмутова – тәуелсіз директор;

Д.Т. Ғалиева – тәуелсіз директор;

Ф.С. Қарағұсов – тәуелсіз директор;

А.Н. Жұмағұлов – тәуелсіз директор;

О.Т. Қизатов – ҚНРДА төрағасының орынбасары, ҚНРДА өкілі;

С.Б. Ағамбаева – ҚРҰБ Зерттеу және талдау орталығы департаментінің директоры, Акционердің өкілі;

О.М. Көбенбаев – ҚРҰБ Қаржылық тұрақтылық және зерттеулер департаментінің директоры, Акционердің өкілі;

Ә.Н. Өтембаев – Қордың төрағасы.

Басқару органы ретіндегі өз өкілеттіктерін іске асыру мақсатында есепті жылы Қордың Директорлар кеңесі 32 отырыс өткізді, онда оның айрықша құзыретіне кіретін мәселелер қаралды және шешімдер қабылданды, оның ішінде:

1) Директорлар кеңесінің төрағасы сайланды, сондай-ақ Қордың Директорлар кеңесі комитеттерінің сандық және дербес құрамы айқындалды;

2) 2023 жылы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша өткізілген іс-шаралар бойынша есеп қаралды;

3) Қор активтерін сенімгерлікпен басқарушыларды және кастодиандарды айқындай отырып, сондай-ақ олардың арасында Қордың берілетін активтерінің көлемін бөле отырып, Қор активтерін басқару жөніндегі атқарымдарды бәсекелестік ортаға беру туралы шешім қабылданды;

4) Қордың 2023 жылғы даму жоспарының орындалуы туралы есептер, 2024 жылға арналған жоспарға түзетулер енгізу, сондай-ақ 2025 жылға арналған бюджет көрсеткіштерімен 2022-2026 жылдарға арналған жоспар бекітілді;

5) Қор қызметінің 2024-2026 жылдарға арналған басым бағыттары әзірлеу, түзету және іске асыру мониторингі жөніндегі құжатты бекітумен бір мезгілде бекітілді;

6) Қордың 2022-2026 жылдарға арналған даму стратегиясына өзгерістер бекітілді;

7) Қордың Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін лауазымға енгізу бағдарламасы бекітілді;



- 8) Қордың құрылымы жаңа редакцияда бекітілді;
- 9) инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуді және оны Қорда пайдалануды ішкі бақылау қағидалары бекітілді;
- 10) қосылу шартына, жеке тұлғалардың ұлттық және шетел валюталарында жаңадан тартылатын салымдары бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті мөлшерін айқындау және белгілеу әдістемесіне, сондай-ақ міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналардың мөлшері мен төлеу тәртібін айқындау қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар бекітілді;
- 11) Қордың инвестициялық саясаты жаңа редакцияда бекітілді;
- 12) ішкі аудит мәселелері бойынша шешімдер қаралды және қабылданды, атап айтқанда, аудиторлық тексерулер қорытындылары бойынша аудиторлық есептер, аудиторлық тексерулер қорытындылары бойынша іс-шаралар жоспарларының орындалуы туралы есептер қаралды, 2025-2027 жылдарға арналған аудиторлық тексерулердің орта мерзімді жоспары, сондай-ақ ішкі аудитордың 2025 жылға арналған аудиторлық тексерулер мен жұмыстарының жылдық жоспары бекітілді;
- 13) комплаенс-бақылау мәселелері бойынша шешімдер қаралды және қабылданды, атап айтқанда, 2024 жылы Қордың комплаенс-бақылаушысы жұмыс жоспарының орындалуы бойынша есептер қаралды, 2025 жылға арналған комплаенс-бағдарлама бекітілді, Қор қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтама қаралды;
- 14) Қор активтерін өз бетінше инвестициялау жөніндегі атқарымды іске асыру шеңберінде инвестициялық саясатқа және Қордың активтерін сенімгерлік басқарушылар мен кастодиандарды таңдау тәртібіне өзгерістер бекітілді;
- 15) тоқсан сайын Қордың Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарының орындалуы бойынша есептер қаралды, келесі кезеңге арналған жұмыс жоспарлары бекітілді.

ҚОРДЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

2024 жылы Қордың Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлауға байланысты Қордың Директорлар кеңесінің барлық комитеттері мүшелерінің жаңа сандық және дербес құрамы да айқындалды.

Есепті жылы Қордың Директорлар кеңесінің комитеттері Қордың Директорлар кеңесіне жәрдемдесу мақсатында неғұрлым маңызды мәселелерді алдын ала қарау және өткізілген отырыстар, атап айтқанда:

Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдер жөніндегі комитет – 16 отырыс;

Кадрлар жөніндегі Комитет – 15 отырыс;

Аудиторлық комитет – 10 отырыс шеңберінде Қордың Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар дайындау бойынша жұмыс жүргізді.

КОНСУЛЬТАТИВТІК КЕҢЕС

Консультативтік кеңес – депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің жұмыс істеуі мәселелері бойынша қатысушы банктердің мүдделерін білдіретін Қордың алқалы консультативтік-кеңесші органы.

Консультативтік кеңестің негізгі міндеті қатысушы банктердің пікірлері мен ұстанымдарын ескере отырып, Қордың Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру арқылы депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесін жетілдіруге жәрдемдесу болып табылады.

Есепті жылы консультативтік кеңестің 9 отырысы өткізілді, онда оның құзыреті бойынша мәселелер талқыланды, атап айтқанда:

1) 2024 жылғы қаңтар-мамырдағы жеке тұлғалардың депозиттері бойынша мөлшерлемелерді шолуды қарау;

2) ҚРҰБ қатысушы банктің корреспонденттік шотынан мерзімі өткен төленбеген жарналар қорының пайдасына есептен шығаруға қатысушы банктердің алдын ала келісімін алуға байланысты қосылу шартына өзгерістер мен толықтыруларды мақұлдау;

3) Қордың жоғары жарна тетігін реформалау жөніндегі ұсыныстарын талқылау, оның қорытындысы бойынша жеке тұлғалардың ұлттық және шетел валюталарында жаңадан тартылатын салымдары бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті мөлшерін айқындау және белгілеу әдістемесіне және міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарды төлеу мөлшері мен тәртібін айқындау қағидаларына тиісті өзгерістер мақұлданды.

ТӘУЕКЕЛ МЕНЕДЖЕРІ

Қор қызметінің үздіксіздігін басқару саясатының талаптарына сәйкес оқыс оқиғалар немесе төтенше жағдайлар туындаған кезде қызметкерлердің іс-қимыл тәртібін белгілейтін, сондай-ақ бизнес-операцияларды және АТ-инфрақұрылымды қалпына келтіру процестерін реттемелейтін Қор қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспары әзірленіп, бекітілді.

Тәуекелдерді басқару саясатының талаптарына сәйкес есепті кезеңде Қордың Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдер жөніндегі комитеті Қордың Директорлар кеңесі тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есептерді қарады және бекітті. Осы есеп қаржылық және операциялық тәуекелдерді басқару регламенттеріне сәйкес тәуекелдерді талдауды қамтиды, олардың әсер ету ауқымын бағалайды және қажетті түзету шараларын айқындайды.

2024 жылғы желтоқсанда ішкі аудитор тәуекелдерді басқару ұйымына аудит жүргізді, оның қорытындысы бойынша тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар әзірленді.

КОМПЛАЕНС-БАҚЫЛАУШЫ

Қордың COMPLAENS-бақылаушысы Қордағы COMPLAENS-тәуекелді барынша азайтуды және Қор мен оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы сақтауын, сондай-ақ ішкі бақылау, этика және COMPLAENS саласындағы жетекші халықаралық стандарттарға сәйкес тиісті ішкі корпоративтік мәдениетті қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

COMPLAENS-бақылаушы өз өкілеттігін, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз ету кезінде Қордың лауазымды адамдарына тәуелсіз жүзеге асырады және тәуелсіз болып табылады.

2024 жылы Қордың COMPLAENS-бақылаушысы COMPLAENS және сыбайлас жемқорлыққа қарсы COMPLAENS саласындағы Қордың негізгі нормативтік құжаттарын әзірлеу бойынша жұмысты жалғастырды, Қордың ішкі нормативтік құжаттарына олардың заңнама нормаларына сәйкестігі тұрғысынан талдау жүргізілді, ішкі бақылаудың тиімді жүйесінің негізі ретінде COMPLAENS-тәуекелдерді бағалау жүргізілді, контрагенттер мен үшінші тұлғаларға қатысты кешенді тексеру жүзеге асырылды.

Сондай-ақ 2024 жылы Қорда барлық шенеуніктер мен жұмысшылар үшін тұрақты түрде оқыту шарасы өткізілді.

ІШКІ АУДИТ

Ішкі аудит тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау жүйелерін жетілдіруге бағытталған тәуелсіз, объективті аудиторлық тексерулер мен консультациялар жүргізу арқылы Қордың мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге ықпал етеді.

2024 жылы Ішкі аудитор Жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес барлық 10 аудитті орындады. Аудиторлық тексерулер ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына сәйкес орындалды және тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау жүйелерін жақсарту мақсатында түзету /алдын алу шараларын қабылдауға бағытталған қорытындыларды, анықтамаларды және ұсынымдарды қамтиды.

Сондай-ақ аудиторлық қызметті орта мерзімді жоспарлау мақсатында Қордың Директорлар кеңесі 2025-2027 жылдарға арналған Қордағы орта мерзімді аудиторлық тексеру жоспарын әзірледі және бекітті.




ДЕПОЗИТТІК НАРЫҚ

ДЕПОЗИТТІК НАРЫҚТЫҢ ДАМУ ҮРДІСТЕРІ

2024 жылы еліміздің экономикасы мен қаржы секторы тағы да «беріктік сынағынан» өтіп, сыртқы және ішкі сын-қатерлер жағдайында өсуін жалғастырды. Жыл ішінде Ұлттық Банк орташа қатаң монетарлық саясат жүргізді, нәтижесінде жыл қорытындысы бойынша инфляция 8,6%-ға дейін төмендеді¹. Доллардың жаһандық нығаюы салдарынан теңге бағамы 500 теңгелік психологиялық сызықты кесіп өтіп, 2024 жылы 15,5%-ға төмендеп, жаңа іргелі деңгейге жетті². Сонымен қатар іскерлік белсенділік индексі жыл бойы оң аймақта болды³, номиналды ақшалай кірістер индексі оң динамиканы сақтап қалды (2024 жылғы желтоқсанда 108,5)⁴, ал 2024 жылғы экономиканың өсуі 4,8%-ды құрады (әлемдік экономиканың 3,2%-ға өсуімен салыстырғанда). Банк секторы тұрақты болып қалды және 2024 жылы халық депозиттерінің көлемі 20,3%-ға өсіп, 24,5 трлн теңгеге жетті (1-кесте).

1-кесте. Халықтың депозиттері мен банктік шоттар саны орнықты түрде өсуде



¹ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Аймақтардағы инфляциялық үрдістер, <https://www.nationalbank.kz/ru/news/inflyacionnye-tendencii-v-regionah/rubrics/2195>

² ҚРҰБ Төрағасы Т.Сүлейменовтің 2025 жылғы 28 қаңтарда Мемлекет басшысының қатысуымен өткен ҚР Үкіметінің кеңейтілген отырысындағы баяндамасы, <https://nationalbank.kz/ru/news/doklady-i-vystupleniya>

³ <https://www.nationalbank.kz/ru/page/index-delovoy-aktivnosti-po-kazahstanu-ida>


⁴ 2024 жылдың қаңтар-қараша айларында, өткен жылдың сәйкес кезеңіне. Ұлттық статистика бюросының алдын ала мәліметтері бойынша <https://stat.gov.kz/ru/industries/labor-and-income/stat-life/>

Депозиттердің өсуі халықтың банк жүйесіне деген сенімінің сақталуын және қаржылық инклюзивтіліктің артуын көрсетеді. 25 жыл бұрын, Қазақстанда депозиттерге кепілдік беру жүйесі құрылған кезде, банктер көбінесе өз жинақтарын сеніп тапсыруға болатын сенімді қаржы институттары ретінде қабылданбады және халық ақшаны қолма-қол ақша түрінде сақтауды жөн көрді. Банк секторын реттеу және банктердегі басқару стандарттары күшейген сайын банк секторының транспаренттілігі мен қаржылық тұрақтылығы артты. Осының арқасында халықтың банктерге деген сенімі нығайды және бүгінде бір немесе бірнеше банктік шоттардың болуы әр адам үшін табиғи нәрсе болып табылады. Айталық, Дүниежүзілік банктің мәліметінше, 2021 жылдың өзінде 15 жастан асқан қазақстандықтардың 81%-ында банктік шоттары болған (2011 жылғы 42%-бен салыстырғанда)⁵. Сонымен қатар қаржы секторын цифрландыру жаңа шот немесе салым ашуға, интернет және мобильді банкинг (қолма-қол ақшасыз төлемдер мен аударымдардың жалпы көлемінің 90,5%-ы⁶) арқылы аударымдар мен төлемдерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді, бұл банк қызметтерінің халықтың күнделікті өміріне енуін арттыруға жағдай жасайды. 2024 жылы қатысушы банктердегі⁷ жеке тұлғалар шоттарының саны 13,3%-ға немесе 7,3 млн-ға өсіп, 169,2 млн шотты құрады.

Нарықтың өсуіне ұлттық валютадағы депозиттер негізгі үлесін қосты – олардың кірістілігі валюталық және инфляциялық тәуекелдерден асып түсті. Әдетте халықтың негізгі бөлігі кепілдендірілген кірісті ең төменгі тәуекелдермен алуды жөн көреді. Теңгедегі депозиттер инфляция деңгейінен және валютаны сатып алу-сатудан түсетін ықтимал пайдадан едәуір асатын тұрақты пайыздық кіріс ұсынады, сондықтан қазақстандықтардың тұрақты сұранысына ие. 2024 жылы теңгелік депозиттердің көлемі 23,8%-ға, оның ішінде жоғары мөлшерлемелер бойынша сыйақы есептеу есебінен өсті. Нәтижесінде депозиттік нарықтың 2024 жылы 20,3%-ға өсуі кезінде теңгелік депозиттердің салымы тиісінше 17,4%-ды, валюталық депозиттердің салымы тиісінше 2,9%-ды құрады.

Долларландыру деңгейі жыл соңында айырбас бағамының құбылмалылығы жағдайында өсті, сонымен бірге ұзақ мерзімді тренд экономиканың шетел валюталарына тәуелділігінің тұрақты төмендеуін растады. Айырбас бағамының ауытқуы теңгедегі және шетел валютасындағы депозиттер бойынша мөлшерлемелердің елеулі дифференциалының сақталуына байланысты валюталар бөлінісінде депозиттердің елеулі ағымына әкеп соқпады. Нәтижесінде 2024 жылдың аяғында долларландырудың кейбір өсуі мардымсыз болды және әлемдегі макроэкономикалық ауытқуларға жауап ретінде нарықтарды түзету ретінде бағаланды. Жылдық мәнде долларландыру деңгейі 2,1 т.т.-қа, ал айырбас бағамына түзетуді ескере отырып – 4,7 п.т.-қа төмендеді (2-кесте).

2-кесте. 2024 жылы долларландырудың ұзақ мерзімді төмендеу үрдісі жалғасты



⁵ <https://databank.worldbank.org/source/global-financial-inclusion>


⁶ Төлем карточкалары және электрондық банктік қызметтер, <https://www.nationalbank.kz/ru/news/elektronnye-bankovskie-uslugi>

⁷ Депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктер

ДЕПОЗИТТІК НАРЫҚТЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Нарықтың негізі әлі де жаппай сегмент⁸ болып қала берді – ол ауытқуларға ең аз ұшырайды және депозиттік нарықтың тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Жыл соңында жеке тұлғалардың⁹ барлық шоттарының 99,6%-ы жаппай сегментке тиесілі болды, депозиттің орташа мөлшері 204 мың теңгені құрады. Жаппай сегменттің жинақтары негізінен тұтынушылық қажеттіліктерге және күтпеген шығындарға бағытталған, осыған байланысты баламалы тәуекелді инвестициялар, әдетте, мұндай салымшылар үшін қызықсыз. Әртараптандырудың жоғары дәрежесі (аз сомаға ашылған шоттар санының көптігі) және тәуекел-тәбеттің төмендігі арқасында инфляция мен айырбас бағамының өзгеруіне қарамастан жаппай сегмент тұрақты өсуде. 2024 жылғы жаппай сегменттің жылдық өсімі 15,3%-ды, жыл соңындағы нарық үлесі – 49,2%-ды құрады (3-кесте).

3-кесте. Сегменттер бойынша нарық құрылымы орнықты, бұл ретте сегменттер бойынша валюталық артықшылықтардың саралануын көрсетеді



Долларландырудың неғұрлым жоғары деңгейіне қарамастан, ірі және орта салымшылар өз қалауын теңгелік депозиттердің пайдасына қайта реттейді. 2020 жылы орта сегменттің валюталық депозиттерінің үлесі 50%-дан төмен түсіп, соңғы бес жыл ішінде сегмент теңгелік депозиттердің айтарлықтай өсуін көрсетті, олардың өсімі 2024 жылғы валюталық депозиттер бойынша 11,3%-бен салыстырғанда 31,8%-ды құрады, нәтижесінде жыл соңында орта сегменттің долларлануы 20,0%-ды құрады. Ірі сегмент тек 2024 жылы 50% долларландырудың маңызды деңгейін кесіп өтті. 2023-2024 жылдары теңгелік депозиттер бойынша мөлшерлемелер жоғары деңгейде болған кезде ірі салымшылар осы қаржы құралына инвестицияларды ұлғайтты – 2023 жылы өсім 55,7%, 2024 жылы – 41,5% құрады. Нәтижесінде валюталық депозиттердегі ірі сегменттің үлесі 0,5 п.т.-қа төмендеді, ал теңгелік сегменттерде, керісінше, 2,9 п.т.-қа өсті.

Депозит түрлері бойынша нарық құрылымын талдау халықтың қаржылық сауаттылық деңгейін арттыру нәтижесінде қазақстандықтардың депозиттердің барлық түрлеріне сұранысы артып келе жатқанын көрсетеді. Банк клиенттері өз қаражаттарын инвестициялау мақсаттарына байланысты депозиттердің алуан түрлері арасында әртараптандырады: есеп айырысуды жүзеге асыру үшін ағымдағы шоттар қажет, мерзімді емес салымдар қаражатқа жылдам қол жеткізуді қамтамасыз етеді және сонымен бірге жақсы кірістер алуға мүмкіндік береді, жинақ және мерзімді салымдар қаржылық тәртіпті арттырады және жинақтауды көбейтуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде 2024 жылдың аяғында жеке тұлғалар депозиттерінің 14,7%-ы ағымдағы және карточкалық шоттарды, 63,4%-ы мерзімсіз салымдарды және 21,9%-ы салымдардың қалған түрлерін құрады. Ең үлкен өсімді мерзімді және жинақ салымдары көрсетті – тиісінше 27,8% және 67,5%, бұл салымшылар тарапынан толықтыру және алып қою бойынша шектеулерге байланысты кірістілігі жоғары неғұрлым күрделі депозиттік өнімдерге сұраныстың өсуін растайды.


Өз тарапынан банктер депозиттік желіні кеңейтеді, бұл нарықтың дамуына серпін береді. 2024 жылы жекелеген банктер 12 айдан астам және 24 айдан астам мерзімге депозиттер бойынша

⁸ Жаппай сегмент - қалдықтары 15 млн теңгеге дейінгі депозиттер; орташа сегмент-қалдықтары 15 млн теңгеден 50 млн теңгеге дейінгі депозиттер; ірі сегмент - қалдықтары 50 млн теңгеден асатын депозиттер.

⁹ нөлдік қалдықтары бар шоттарды есепке алмағанда.

тартымды мөлшерлемелерді мақсатты түрде ұсына бастады, олар қазіргі уақытта қазақстандық нарықта өзіне тән пайыздық тәуекелдерге байланысты онша танымал емес. Сонымен қатар бұл шара тарту көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді және банктер үшін тұрақты қорландыруды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар бөлшек депозиттік нарықта жаңа депозиттік өнім – өзгермелі сыйақы мөлшерлемесі бар депозиттер пайда болды. Мұндай депозиттердің ерекшелігі – кірістілік деңгейі тұрақты емес және салым мерзімі ішінде өсу жағына да, төмендеу жағына да өзгеруі мүмкін. Осы тәуекелге қарамастан, өзгермелі мөлшерлемедегі депозиттердің өз тұтынушылары бар және олардың үлесі 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 0,3% құрады (4-кесте).

4-кесте. Нарық салымдардың барлық түрлері бойынша көлемді ұлғайтуда




ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕРІ БОЙЫНША СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІ

2024 жылы банктер жаңа реттеу жағдайында жұмыс істеді – бұл депозиттік нарықтағы бағаны оңтайландыруға мүмкіндік берді. 2024 жылға дейін ҚДКБҚ барлық банктер үшін жеке тұлғалардың депозиттері бойынша шекті мөлшерлемелер түріндегі мөлшерлемелердің «шегін» директивалық түрде белгіледі, одан асып кеткен жағдайда банктер айтарлықтай жоғары жарна төлеуге тиіс болды. 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап банк қызметін жүргізу стандарттарының өсуіне қарай реттеу тетіктерін кезең-кезеңімен ырықтандыру шеңберінде көптеген банктер үшін шекті мөлшерлемелер алынып тасталды және тек жақсы капиталдандырылған банктердің шектеулі саны үшін сақталды. Бұл ретте барлық банктер үшін депозиттік нарықтағы мөлшерлемелердің елеулі секірулерін және салымдар ағындарын болдырмау мақсатында жүйелік тәуекел үшін жарна енгізілді, оның мөлшері олардың мөлшерлемелерінің нарықтық мөлшерлемелерден ауытқу дәрежесіне байланысты болады. Нәтижесінде 2024 жылы барлық банктер бағаны саналы және салмақты түрде қабылдай бастады және мөлшерлемелердің «шегі» болмағанына қарамастан, нарық деңгейін ұстануға тырысты.

Банктердің депозиттік саясатының негізгі бағыты – Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі және нарықтық мөлшерлемелер. 2024 жылы жылдық инфляция төмендеген сайын Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені 4 рет (22 қаңтар, 26 ақпан, 3 маусым және 15 шілде) 15,75%-дан 14,25%-ға дейін төмендетті. Сонымен қатар 2024 жылғы қарашада Ұлттық Банк жаңартылған болжамдар мен инфляция тәуекелдерінің теңгерімін бағалауды ескере отырып, базалық мөлшерлемені бірден 15,25%-ға дейін 1,0 п.т.-қа көтеру туралы шешім қабылдады. Нәтижесінде нарықтың басым үлесін алатын мерзімдік емес салымдар бойынша нарықтық мөлшерлеме базалық мөлшерлемеден кейін жылжыды: қаңтар-қазан аралығындағы кезеңде 14,9%-дан 13,9%-ға дейін 1 п.т.-қа төмендеу және қараша-желтоқсанда 14,2%-ға дейін 0,3 п.т.-қа ұлғаю (5-кесте).

5-кесте. Мерзімсіз салымдар бойынша нарықтық мөлшерлеме базалық мөлшерлемеден кейін жүреді



Мерзімді және жинақ салымдары бойынша нарықтық мөлшерлемелердің базалық мөлшерлеменің өзгеруіне серпімділігі аздау болды – бір жыл ішінде банктер депозиттік базаны өсіруге арналған құрал тәрізді салымдар бойынша жоғары кірісті сақтап қалды. Банктер ең тартымды мөлшерлемелерді 1 айдан 6 айға дейінгі мерзімге толықтыру құқығынсыз салымдар бойынша ұсынды – 2024 ж. желтоқсандағы нарықтық мөлшерлеме 17,3% деңгейінде қалыптасты. Бұл сегмент 2024 ж. жаңа клиенттерді тартуда неғұрлым бәсекеге қабілетті болды, бұл ретте банктер осындай салымдар бойынша толықтыру құқығын алып тастау және қысқа мерзімдерді белгілеу есебінен өздерінің пайыздық тәуекелдерін барынша азайтты. Басқа қысқа мерзімді салымдар бойынша мөлшерлемелер, негізінен, қаражатты толтыру мен алудың қатаң шарттарын өтей отырып, мерзімсіз салымдар бойынша мөлшерлемелерден асып түсті. Ұзақ мерзімді салымдардың кірістіліктің төмендеуіне байланысты халық арасында танымалдылығы аздау болды. Сонымен қатар бір жыл ішінде кейбір банктер тұрақты тарту көлемін ұлғайту үшін ұзақ мерзімді салымдар бойынша мөлшерлемелерді көтере бастады, бұл нарықтың осы тауашаларын дамытуға түрткі болуы мүмкін.



АРНАЙЫ РЕЗЕРВТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

АРНАЙЫ РЕЗЕРВТІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Депозиттерге кепілдік беру жүйесінің негізгі міндеті банк жүйесінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге қатысу, оның ішінде қатысушы банк барлық банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиядан айырылған жағдайда кепілдік берілген өтем төлеу жолымен халықтың банк жүйесіне деген сенімін қолдау болып табылады. Осы міндетті орындау үшін Қор депозиттерге кепілдік берудің тиімді жүйелері үшін ДСХҚ¹⁰ қағидаттарын сақтай отырып, қатысушы банктердің жарналары есебінен жинақтаушы негізде арнайы резерв қалыптастырады. Осылайша, осы қағидаттарға сәйкес депозиттерді сақтандырушыда салымшыларға кепілдік берілген өтемді төлеу жөніндегі міндеттемелерді жедел және толық орындау үшін қолжетімді қаражат пен қаржыландыру тетіктері болуы тиіс, бұл ретте депозиттерге кепілдік беру жүйесін қаржыландыру қатысушы банктердің міндеті болып табылады.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша арнайы резервтегі қаражаттың едәуір үлесі – 42,9%-ы қатысушы банктердің жарналары есебінен жинақталған. Арнайы резервті қалыптастырудың басқа көздері Қордың меншікті активтері мен арнайы резервтің активтерін орналастырудан түскен инвестициялық кіріс (55,1%) және бұрын төленген өтем сомалары (6,0%) бойынша Қордың талаптарын қанағаттандыру тәртібімен банктердің тарату комиссияларынан алынатын ақша болып табылады. Нәтижесінде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың арнайы резервінің мөлшері 1,16 трлн теңгеге жетті.

ДСХҚ қағидаттарына сәйкес Қорда кепілдік берілген өтемді төлеу үшін арнайы резерв қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда қаржыландырудың заңнамалық белгіленген тетіктері болады. Осылайша, заңға сәйкес, өз міндеттемелерін орындау үшін арнайы резерв жеткіліксіз болған жағдайда, Қор өз активтерін Қор акционері ретінде ҚРҰБ шешімі бойынша жарғылық капитал мөлшерінің 70%-ы немесе одан да көп шегінде пайдалана алады. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың жарғылық капиталының 70%-ын ескере отырып, арнайы резервтің мөлшері 1,33 трлн теңгені құрады.

Кепілдік берілген өтем төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындау үшін арнайы резерв қаражаты мен Қордың меншікті активтері жеткіліксіз болған жағдайда, заңда қатысушы банктердің тапшылықты жабу үшін қосымша жарналар төлеу міндеті көзделген. Егер тапшылық қатысушы банктердің қосымша жарналарымен жабылмаса, онда Қор Ұлттық банктен қарыз алуға құқылы, ол кейіннен қатысушы

¹⁰ Депозиттерді сақтандырушылардың халықаралық қауымдастығының депозиттерге кепілдік берудің тиімді жүйелеріне арналған негізқалаушы қағидаттары, www.iadi.org

банктердің төтенше жарналары есебінен өтелуі тиіс. Сонымен қатар Қор қызметінің бүкіл тарихында банктерден қосымша жарналар жинау және Ұлттық банктен қарыз алу қажеттілігі туындаған емес.

Депозиттерді сақтандырушының жинақталған қаражатының жеткіліктілігі арнайы резервтің кепілдік берілген депозиттердің жиынтық сомасына қатынасымен сипатталады. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша арнайы резервтің нысаналы мөлшері Қордың жарғылық капиталының 70%-ын ескере отырып, жеке тұлғалардың депозиттік базасының 5,4%-ын құрады, бұл заңнамалық белгіленген деңгейден 5,0%-ға жоғары. Егер шетелдік депозиттерді сақтандырушылардың арнайы резервінің деңгейімен салыстыратын болсақ, Қордың нысаналы мөлшері айтарықтай жоғары деңгейде. Айталық, арнайы резервтің деңгейі Канадада – 0,24%, Жапонияда – 0,40%, Түркияда – 1,97%, Чехияда – 0,28%, Польшада – 1,45%. ТМД елдерінде бұл көрсеткіш: Қырғызстанда – 2,58%, Өзбекстанда – 3,89% құрайды.

Айта кету керек, егер депозиттерді сақтандырушы банктің дәрменсіздігін ерте араласу және реттеу өкілеттігіне ие болса, онда жинақталған резерв деңгейі төмен болуы мүмкін, өйткені мұндай депозиттерді сақтандырушы банкті сауықтырудың түрлі құралдарын қолданады. Демек, мұндай депозиттерді сақтандырушыларда, мысалы, сақтандыру жағдайы басталған кезде Қордың негізгі атқарымы кепілдік берілген депозиттер бойынша уақтылы және толық төлемдерді қамтамасыз ету болып табылатын Қазақстанда резервтердің үлкен мөлшерін жинақтау қажеттілігі туындамайды.

1-кесте. Арнайы резервтің құрылымы, млрд теңге

Арнайы резервті қалыптастыру көздері	Сомасы
Қатысушы банктердің жарналары	497,4
Мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банктің кепілдік берілген өтем сомалары бойынша Қор талаптарын қанағаттандыру тәртібімен алынған ақша	69,4
Қордың оның жарғылық капиталы мөлшерінің 70%-ы шегіндегі шығыстары	55,6
Арнайы резервтің активтерін және Қордың жарғысында көзделген тәртіппен шығыстар мен аударымдар сомасына азайтылған меншікті активтерді орналастырудан түсетін кірістер	638,9
Кепілдік берілген өтемді төлеу	(101,2)
Жиыны:	1 160,1

ҚАТЫСУШЫ БАНКТЕРДІҢ ЖАРНАЛАРЫ

Депозиттерді сақтандыру жүйесінде қабылданған халықаралық стандарттар банк секторының арнайы резервті қаржыландырудағы маңызды рөлін анықтайды. ДСХҚ қағидаттарына сәйкес болашақ төлемдер үшін резерв негізінен депозиттерді сақтандыру жүйесіне қатысушылардың жарналары есебінен қалыптастырылады. Бұл ретте резервті қалыптастырудың екі тәсілі бар: біріншісі – банктің банкроттығы дерегі бойынша (ex-post), екіншісі – аванстық негізде (ex-ante). Бірінші тәсіл бойынша ақша қаражатын жинау кепілдік берілген өтемді төлеу қажеттілігі туындаған кезде жүргізіледі, ал екіншісі сақтандыру жағдайы басталғанға дейін қаражатты алдын ала жинауды көздейді. Қазақстан елдегі қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуде банк секторының ортақ жауапкершілігі қағидатын нығайтатын арнайы резервті қалыптастыру кезінде аванстық тәсілді қолданады.

Банктер депозиттік базаның мөлшеріне және жарна мөлшерлемесіне байланысты депозиттерге кепілдік беру жүйесіне кірген сәттен бастап тоқсан сайын арнайы резерв шотына жарналар төлейді. ДСХҚ қағидаттарына сәйкес банктердің жарнасының мөлшерін анықтаудың екі әдісі бар: бірыңғай мөлшерлеме бойынша және мөлшерлемелердің сараланған жүйесі бойынша. Басқа депозиттерді сақтандырушылар сияқты, Қор депозиттерге кепілдік беру жүйесін құрудың және резервті қалыптастырудың бастапқы кезеңдерінде бірыңғай мөлшерлемені қолданды және 2007 жылы сараланған мөлшерлеме жүйесіне көшті. Жарналардың мөлшерін анықтаудың екінші тәсілі банктерден төлемдер алудың әділ жүйесін құру қағидатына негізделген ілгерінді тәсіл болып саналады, өйткені қатысушы банктердің жарналар мөлшерлемесінің мөлшері олардың тәуекел бейінін ескере отырып анықталады.


Банк қызметінің тәуекелдерін Қор қатысушы банктердің қаржылық жағдайын бағалаудың ішкі моделі негізінде бағалайды. Мұндай модель банк қызметіне тән негізгі тәуекелдерді жан-жақты бағалауға мүмкіндік береді. Кейіннен банктер бес жіктеу тобына бөлінеді: А тобы – тұрақты банктер, В – орнықты банктер, С – орнықтылығы төмендеу банктер, D тобы – тәуекел дәрежесі жоғары банктер, E тобы – дефолт ықтималдығы жоғары банктер. Әрбір жіктеу тобы үшін жарна мөлшерлемелері әртүрлі және қатысушы банктің барлық кепілдік берілген депозиттері сомасының 0,07%-ынан 0,36%-ына

дейін өзгереді. Сонымен қатар басқыншы депозиттік саясат жүргізетін банктер үшін жоғары жарна қарастырылған.

2024 жылғы 4-тоқсанның нәтижелері бойынша банктердің негізгі үлесі тұрақты және орнықты банктер сегментінде шоғырланған, ал 2024 жылы қатысушы банктер төлеген күнтізбелік жарналардың жиынтық сомасы 52,5 млрд теңгені құрады, бұл 2023 жылғы нәтижеден 6,3 млрд теңгеге немесе 13,7%-ға артық. Сараланған жарналарды айқындау және төлеу жүйесінің логикасына сүйене отырып, 2024 жылы төленген тәуекел деңгейі жоғары банктер жарналарының үлесі тұрақты банктердің үлесінен жоғары (6-кесте)

6-кесте. Банктердің жарналары қатысушы банктің тәуекел-бейініне қарай сараланады

2024 жылғы жіктеу топтары бөлінісіндегі бөлшек депозиттердің үлесі



2024 жылғы жіктеу топтары бөлінісіндегі жарналардың үлесі



БАНКТЕРДІҢ ТАРАТУ КОМИССИЯЛАРЫНАН ТҮСЕТІН ТҮСІМДЕР

Таратылатын банктердің салымшыларына кепілдік берілген өтем төлеуге бағытталған ақшаны қайтаруды жеделдету мақсатында Қордың қызметкерлері таратылатын банктің кредиторлар комитетінің құрамына кіріп қана қоймай, сонымен қатар төленген (төленетін) кепілдік берілген өтем сомасы бойынша Қордың алдындағы берешек толық өтелген сәтке дейін тарату комиссияларының құрамында банкті таратуға да қатысады. Айталық, 2024 жыл ішінде Қор қызметкерлері «Астана Банкі» АҚ, «Qazaq Banki» АҚ, «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ, «Валют-Транзит Банк» АҚ тарату комиссияларының құрамына, соңғы екі банкте – тарату комиссияларының төрағалары ретінде кірді.

2-кесте. 31.12.2024 жылға таратылатын банктердің тарату комиссияларының Қор талаптарын қанағаттандыруы туралы ақпарат, млн теңге

Таратылатын банктің атауы	Кезектілігі	Қордың таратылатын банкке қоятын барлық талаптары	Қордың талаптарын қанағаттандыру		Оның ішінде 2024 жылы өтелгені
			теңге	%	
«Валют-Транзит Банк» АҚ	3 кезек бойынша	18 340,9	10 773,0	58,7%	55,0
	8 кезек бойынша	28,1			
«Qazaq Banki» АҚ	2 кезек бойынша	20 516,8	5 746,8	28,0%	206,7
	8 кезек бойынша	145,7			
«Астана банкі» АҚ	2 кезек бойынша	37 591,1	27 583,0	73,4%	2 920,0
	8 кезек бойынша	323,4			
«Delta Bank» АҚ	3 кезек бойынша	201,2	201,2	100,0%	
	8 кезек бойынша	1,7			
«Эксимбанк Қазақстан» АҚ	2 кезек бойынша	258,3	258,3	100,0%	
	8 кезек бойынша	2,2			
«Қазинвестбанк» АҚ	3 кезек бойынша	2,0	2,0	100,0%	
	8 кезек бойынша	8,5	0,6	7,2%	0,1
«Tengri Bank» АҚ	2 кезек бойынша	17 755,1	17 755,1	100,0%	
	8 кезек бойынша	64,0			
«AsiaCredit Bank (АзияКредитБанк)» АҚ	2 кезек бойынша	19 088,6	4 670,1	24,5%	1 209,9
	8 кезек бойынша	284,4			
«Capital Bank Kazakhstan» АҚ	2 кезек бойынша	1 685,2	1 685,2	100,0%	
	8 кезек бойынша	6,9	0,5		0,2
Жиыны		116 304,1	68 675,9	59,1%	4 391,9



АКТИВТЕРДІ ИНВЕСТИЦИЯЛАУ

Қор активтерін инвестициялаудың негізгі мақсаты олардың сақталуын қамтамасыз ету болып табылады. Қор өз активтерін тәуекелі төмен қаржы құралдарына инвестициялауға бағытталған. Осы тәсілге сәйкес Инвестициялық саясат шығындар тәуекелін азайту және өтімділікті қамтамасыз ету мақсатында активтерді инвестициялық басқару шарттарын анықтайды.

Қор активтерін инвестициялауды сенімгерлікпен басқарушылар жүзеге асырады. 2024 жылғы мамырға дейін Қордың Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 10 қарашадағы №33 шешімімен бекітілген Қордың Инвестициялық саясатына сәйкес ҚРҰБ Басқармасының 2021 жылғы 14 шілдедегі № 68 қаулысымен бекітілген депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның активтерін инвестициялау тәртібімен инвестициялауға рұқсат етілген қаржы құралдарына активтерді басқаруды Ұлттық Банк жүзеге асырды.

2024 жылғы мамырда Қордың Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 28 мамырдағы №12 шешімімен активтерді бәсекелестік ортаға беруге бағытталған жаңа редакциядағы инвестициялық саясат бекітілді. Саясат мыналарды қарастырады:

- ҚРҰБ-пен қатар жеке басқарушы компаниялардың активтерін басқару;
- жеке басқарушының сенімгерлік басқаруға берген Қор активтерін есепке алу және сақтау үшін кастодиандық шарт жасасу және кастодиандық шоттар ашу қажеттілігі;
- кастодианның шоттарындағы ақша қаражаттарының қалдықтары бойынша лимиттерді белгілеу, сондай-ақ осы лимиттен асатын ақша қаражаттарын аудару туралы талап;
- жеке сенімгерлік басқарушылар үшін лимиттер мен шектеулерді енгізу;
- рұқсат етілген құралдар тізбесін және олардың әрқайсысы бойынша лимиттерді айқындау;
- басқарушыларға басқаруды Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздар индексінің (KZGB_DPm1m) 75%-ы және ақша нарығы индексінің (TONIA Compounded Index) 25%-ынан тұратын MBM Index эталондық портфелінің негізінде эталондық портфельдің ұзақтығынан рұқсат етілетін ауытқуды ескере отырып жүзеге асыруға қойылатын талап.

2024 жылғы шілдеде Қордың Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 26 маусымдағы №15 шешіміне сәйкес Қор Қордың Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 4 қазандағы №28 шешімімен бекітілген «Сенімгерлікпен басқарушылар мен кастодиандарды таңдау тәртібі» ішкі нормативтік құжатына сәйкес сенімгерлікпен басқарушыларды таңдауды жүргізді және «Арнайы резерв» портфелі активтерінің 200 млрд теңге мөлшеріндегі бөлігін мына басқарушы компанияларға берді:

- «Halyk Finance» АҚ;
- «BCC Invest» АҚ;



- «First Heartland Jusan Invest» АҚ;
- «Сентрас Секьюритиз» АҚ;
- «UD Capital» АҚ;
- «Tansar Capital» АҚ.

Активтерді басқару кезеңінде оларды беру сәтінен бастап жиынтық өсім 23,3 млрд теңгені құрады және негізінен бағалы қағаздарды қайта бағалау есебінен тіркелді. 2024 жылғы 25 шілдеден 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңдегі сенімгерлік басқарушылардың кірістілігі барлық жеке сенімгерлік басқарушылар бойынша орташа есеппен 10,43 % құрады, ал эталондық портфельдің кірістілігі сол кезеңде 9,78 %-ды құрады. Осылайша, жылдық мәнде басқарушылардың кірістілігі 25,57 %-ды құрайды.

ПОРТФЕЛЬ ҚҰРЫЛЫМЫ

Қордың активтер базасы жыл бойына өсуін жалғастыра берді. Қор активтерін орналастырудан түскен инвестициялық табыс 2024 жылы 147,7 млрд теңгені құрады, оның ішінде арнайы резерв активтері есебінен – 122,1 млрд теңге, меншікті активтері есебінен – 25,6 млрд теңге, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 7,3 %-ға (+10,1 млрд теңге) жоғары.

3-кесте. Қордың арнайы резервінің портфелі, млрд теңге

Атауы	2024 ж. 31 желтоқсанға	Портфельдегі үлес, %
Халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары	55,7	3,57%
Квазимемлекеттік сектор облигациялары	117,9	7,56%
ҚРҰБ депозиттері	73,0	4,68%
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің облигациялары	1 086,4	69,66%
АҚШ үкіметінің облигациялары	204,8	13,13%
«Кері РЕПО» операциялары	21,7	1,39%
ЖИЫНЫ	1 559,5	100

Қордың 2024 жылғы 31 желтоқсандағы инвестициялық портфельдерінің жиынтық мөлшері 1 559,5 млрд теңгені құрады, оның ішінде 242,5 млрд теңгесі – өз активтері бойынша және 1 317,0 млрд теңгесі – арнайы резерв бойынша.

КЕПІЛДІК БЕРІЛГЕН ӨТЕМДІ ТӨЛЕУ



ҚДКБҚ таратылатын 9 банктің («Валют-Транзит Банк» АҚ, «Қазинвестбанк» АҚ, «Delta Bank» АҚ, «Qazaq Banki» АҚ, «Эксимбанк Қазақстан» АҚ, «Астана Банкі» АҚ, «Tengri Bank» АҚ, «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ, «Capital Bank Kazakhstan» АҚ депозиторларына дәлелді себептермен кепілдік берілген өтем төлеуді жалғастырды¹¹.

Айталық, есепті жылы аталған банктердің депозиторларына 9,7 млн теңге төленді, оның ішінде төлемдердің басым бөлігі «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ-ға түсті. Депозиторлардың төлем алуға уақтылы жүгінбеуінің негізгі себебі «депозитордың мұрасын қабылдау және мұраны сатып алуға немесе ашуға байланысты өзге де себептер» болды. Сондай-ақ, депозиторлардың төлем мерзімі аяқталғаннан кейін өтем алуының дәлелді себептерінің арасында «депозитордың Қазақстан Республикасынан тыс жерде болуы» да айтылады.

Естеріңізге сала кетейік, заңнамаға сәйкес, кепілдік берілген өтемді төлеу мерзімінің аяқталуына және талап етілмеген кепілдік сомаларын зейнетақы шоттарына аударуына қарамастан, белгіленген кезеңде дәлелді себептермен өтем алуға жүгінбеген депозиторлар:

- банкті түпкілікті таратуға немесе
- ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдеріне құқықтың басталуына дейін өтемді алуға жүгіне алады (талап етілмеген өтем сомалары олардың зейнетақы шоттарына аударылған жағдайда).

Дәлелді себеппен төлеуге өтініштер тікелей ҚДКБҚ-ға беріледі, ол өз кезегінде дәлелді себептер расталған жағдайда, БЖЗҚ-дан¹² қаражатты қайтару процесіне бастамашылық жасайды және депозиторға заңнамада белгіленген мерзімдерде кепілдік берілген өтемді төлейді. Бұл төлем тетігі бірегей және барлық банктік операцияларды жүргізуге лицензиясынан айырылған банк депозиторларының мүдделерін барынша қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар жаңасақтандыру жағдайлары туындаған кезде өтем төлеу рәсімін тиімді ұйымдастыру мақсатында ҚДКБҚ міндетті алдын алу шараларының кешенін іске асыруды жалғастыруда.

Атап айтқанда, ҚДКБҚ төлем үшін ақпаратты уақтылы және сапалы қалыптастыру (банктердің депозиторлар тізілімін қалыптастыруға дайындығы) үшін банктердің кепілдік берілген депозиттер бойынша өз міндеттемелерін және кепілдік берілген өтем сомаларын есепке алуына тұрақты бақылауды жүзеге асырады:

¹¹ ҚДКБҚ-ның бүкіл қызмет жылдарында 11 сақтандыру жағдайы болды, оның ішінде «Көмір-Банк» ААҚ және «Наурыз Банк Қазақстан» АҚ бойынша төлемдер тиісінше 2009 және 2019 жылдары банктердің түпкілікті таратылуына байланысты аяқталды

¹² Талап етілмеген өтем сомасын БЖЗҚ-ға аудару кезінде



– банктердің кепілдік берілген қаражатты есепке алуға белгіленген талаптарды орындауын мониторингтеу бойынша кешенді (көшпелі) іс-шаралар (есепті жылы Қор үш орта банкте тексеруді жүзеге асырды, олардың екеуі бастапқы, ал біреуі – қайталама болды¹³);

– банктердің депозиторлар тізіліміне дербес мониторинг жүргізу нәтижелерін тоқсан сайын қашықтықтан бақылау (қандай да бір сәйкессіздіктер анықталған кезде Қор әрбір банкке келешекте сәйкессіздіктерді жою және жол бермеу жөнінде түсініктемелер және (немесе) ұсынымдар беру туралы талап жібереді. Бұл ретте Қор есепті жылы банктердің сәйкессіздіктерді жоюдың оң қарқынын атап өтеді).

Қосымша Қор кепілдендірілген қаражатты есепке алуды бақылау рәсімдерін, оның ішінде деректерді жинау және талдау рәсімдерін оңтайландыру мақсатында Қордың тиісті ақпараттық жүйесін жаңғырту арқылы жетілдіруді жалғастыруда. Қазіргі уақытта Қор инновацияларды, оның ішінде банктердің қатысуымен тестілеуге баса назар аударып отыр (толығырақ ақпарат «Қор қызметінің басым бағыттары» бөлімінде келтірілген).

Бұдан бөлек, ҚДКБҚ сақтандыру жағдайы басталған кезде өтем төлеу үшін тартылуы мүмкін әлеуетті банк-агенттердің алдын ала тізбесін тұрақты түрде бекітеді. Жылына екі рет (1 қаңтарға және 1 шілдеге дейін) банктердің қаржылық жағдайын талдау негізінде сенімділік пен қаржылық тұрақтылық талаптарына сәйкес келетін үміткерлердің тізімі жасалады.

Сақтандыру жағдайы басталған кезде ҚДКБҚ бекітілген тізімнен агент-банкті ҚНРДА және әлеуетті агент-банктердің олардың қаржылық жағдайы туралы өзекті ақпаратына, таратылатын банктің деректеріне және әлеуетті агент-банктің аумақтық тармақталуын және бүкіл Қазақстан аумағы бойынша тиімді төлемді қамтамасыз ету үшін өткізу қабілеттілігін қоса алғанда, өтемді жедел төлеу үшін қажетті ресурстарының болуына сүйене отырып таңдайды.

4-кесте. Қазіргі уақытта таратылатын 9 банк бойынша кепілдік берілген өтемді төлеу жөніндегі ақпарат (2025ж.01.01 жағдай бойынша, млн теңгемен)

Банктің атауы	Төлем мерзімі	Қор міндеттемелерінің мөлшері		Төлем мерзімі ішінде төленгені		Төлем мерзімі аяқталғаннан кейін БЖЗҚ-ға берілгені		Дәлелді себеппен төленгені *				Барлығы төленгені *	
		саны		саны		саны		төлем мерзімі аяқталғаннан кейін		оның ішінде 2024 ж.		саны	
		саны	сомасы	саны	сомасы	саны	сомасы	саны	сомасы	саны	сомасы	саны	сомасы
«Валют-Транзит Банк» АҚ	26.03.07-01.05.22	267 285	18 340,9	63 234	17 913,0	59	11,4	1	0,4	1	0,4	63 294	17 924,7
«Қазинвестбанк» АҚ	13.02.18-01.05.22	293	2,1	12	2,0	53	0,1	-	0,0			65	2,1
«Delta Bank» АҚ	17.05.18-01.05.22	2 668	201,2	329	107,3	1 209	21,6	-	0,0			1 538	129
«Qazaq Banki» АҚ	24.12.18-01.05.22	18 001	20 516,8	6 011	20 367,3	10 526	112,8	-	0,0			16 537	20 480,1
«Эксимбанк Қазақстан» АҚ	04.02.19-01.05.22	299	258,3	120	256,9	141	1,1	-	0,0			261	258
«Астана банкі» АҚ	26.01.19-01.05.22	268 457	37 591,1	63 840	37 204,9	180 512	303,2	2	9,7**			244 353	37 517,4**
«Tengri Bank» АҚ	30.09.20-01.05.22	36 583	17 755,2	7 779	17 537,8	22 706	95,3	6	26,3			30 491	17 659,4
«AsiaCredit Bank (АзияКредитБанк)» АҚ	24.02.21-01.05.22	23 153	19 088,6	5 692	18 559,1	14 509	196,7	31	23,8	21	9,3	20 232	18 779,7
«Capital Bank Kazakhstan» АҚ	03.07.21-03.07.22	47 353	1 685,2	989	1 553,8	41 134	88,4	-	0,0			42 123	1 642,2
Барлығы		664 092	115 439,4	148 006	113 502,2	270 849	830,5	40	60,2**	22	9,7	418 894	114 392,4**

* Кепілдікті өтемді төлеуге байланысты шығыстарды ескере отырып
** салымшының дәлелді себеппен жүгінуіне байланысты БЖЗҚ-дан талап етілмеген өтем сомасын 480,4 мың теңге көлемінде қайтаруды ескере отырып

¹³ Жыл сайын жоспар бойынша – бастапқы және қайталама (бастапқы іс-шаралардың қорытындылары бойынша анықталған сәйкессіздіктердің жойылуын тексеру үшін). Бұл ретте Қор банктерде жоспардан тыс іс-шаралар өткізуге құқылы.



ҚОРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ЖҰМЫСЫ

ХАЛЫҚҚА АҚПАРАТ БЕРУ

2024 жылы Қор депозиттерге кепілдік беру жүйесі туралы белсенді түрде хабарлап, ақпараттың кең аудиторияға, сондай-ақ іскерлік және банктік қоғамдастыққа қолжетімділігіне ерекше назар аударды.

2024 жылғы ақпараттық жұмыстың мақсаты қоғамның хабардарлығын арттыру және депозиттерге кепілдік беру жүйесіне деген сенімді сақтау болып өзгеріссіз қалды. Жыл бойы өзекті материалдар, соның ішінде пресс-релиздер, талдамалық мақалалар, шолу жарияланымдары жарияланды, ағымдағы оқиғалар мен стратегиялық даму мәселелері жарыққа шығарылды. Әртүрлі байланыс арналары, соның ішінде әлеуметтік желілер, бұқаралық ақпарат құралдары, пікірталастар мен подкасттарға қатысу әдістері қолданылды. 1460 колл-орталығы да өз жұмысын жалғастырды.

БАҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР

Жыл бойына депозиттер бойынша кепілдік тақырыптарын, өтем алу ережелерін, кепілдік қамту лимиттерін және қаржылық сауаттылықтың басқа да аспектілерін қамтитын 200-ден астам түпнұсқа посттар жарияланды. Материалдар қабылдауға ыңғайлы форматта жасалды. 2024 жылы Қор инфографикасы бар қысқа бейнежазбаларды жариялай бастады, спикерлер ретінде Қор сарапшылары қатысты. Барлық бөлімшелердің бірлесе жұмыс істеуінің нәтижесінде қазақ және орыс тілдерінде 40 бейнеролик жасалды. Осылайша, ақпараттық-түсіндіру жұмысы бойынша әрбір бесінші жарияланым бейнеформатта жасалды.

Қор қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде екі толық ақпараттық бейнеролик шығарды. Мақсат – депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қалай жұмыс істейтінін түсіндіріп қана қоймай, құндылықтарды құнттап ұстау, сақтау және кейінгі ұрпаққа беру дәстүрі қаржылық әдеттен гөрі мәдени кодтың бөлігі екенін көрсету болды. Бейнероликтер сабақтастық идеясын бейнелейді: қай заманда да қазақтар өз мүлкін сақтап, білім, дәстүр немесе материалдық құндылықтар болсын, ең маңыздысын ұрпақтан-ұрпаққа беріп отырған. Бүгінде бұл – дәл бұрынғыдай сенімді қорғауды қажет ететін депозиттер мен жинақтар. Қор дәл осындай қорғауды қамтамасыз етеді.

Бейнематериалдар заманауи көрнекі стильде жасалған және сонымен бірге ұлттық мұраға деген құрметке тұнып тұр. Олар жауапкершілік, сенім және тұрақтылық құндылықтарын көрсететін имидждік медиа өнімге айналды. Бейнероликтер ел бойынша банк бөлімшелерінде таратылды. Сонымен қатар бейнежазбалар әлеуметтік желілерде, банктердің мобильді қосымшаларында, ресми сайттарда және



Дәл осы мерейтойлық жылда Қор ұлттық мәдениет пен құндылықтарға деген құрметке тұнып тұрған бейнероликтерін шығарды.

Қазақстандықтардың жинақ ақшасының тұрақтылығы мен сақталуын қамтамасыз ету үшін күн сайын жұмыс істейтіндердің барлық рөлдерді, соның ішінде басты рөлдерді атқарғанының ерекше символдық мәні болды. Бұл – Қордың командасы. Қызметкерлердің түсірілімге қатысуы ұжымның Қордың миссиясын орындауға жаппай ынталы екендігін және команданың ұйымның құндылықтарын қолдайтынын көрсетті. Қор қызметкерлері экран тарихының нағыз кейіпкерлеріне айналды – шынайы, танымал, нағыз. Олардың қатысуы роликтерде берілген идеяларға деген сенімділікті арттырды және медиа өнімді көрнекі түрде күшті ғана емес, сонымен қатар жанды етті.

басқа да сандық платформаларда қолжетімді. Аудиторияны қосымша қамту үшін роликтер сауда орталықтарындағы, метро станцияларындағы және қоғамдық көліктердегі экрандарда көрсетілді.

Банк бөлімшелерінде медиа форматтарды пайдалану жөніндегі бастамалармен қатар, Қордың банктік салым немесе шот ашылған сәтте депозиторларды хабардар ету саласындағы бастамаларына байланысты жүйелі жұмыс жалғасты. Біріншіден, банктер үшін өз клиенттерін бірыңғай хабарлама нысаны бойынша депозиттер бойынша кепілдік туралы хабардар ету талаптары бекітілген. Сонымен қатар ҚНРДА-мен бірлесіп, заңнама деңгейінде банктерге шарттың бірінші бетінде депозиторлар үшін негізгі ақпаратты ашуға қойылатын талаптар белгіленді, салымдар бойынша 14 негізгі шарт және банктік шоттар мен карточкалар бойынша 5 негізгі шарт айқындалды. Депозиттік кепілдік туралы ақпараттан басқа, осы шарттардың қатарына белгілі бір салымға немесе шотқа тән шектеулерге қатысты, әсіресе депозиторларға ақшаны басқару және қаржылық жоспарлау үшін қажет ақпарат енді.

2024 жылы бұқаралық ақпарат құралдарымен белсенді өзара іс-қимыл жалғасты. Жыл ішінде республикалық және өңірлік медиада депозиттерге кепілдік беру жүйесі жұмысының негізгі аспектілерін қамтитын 60-тан астам ақпараттық материалдар жарияланды. Бұқаралық ақпарат құралдары үшін ақпараттық материалдарды дайындауға Қордың басшылары мен негізгі бөлімшелері қатысты. Қор басшылығының өзекті жұмыс және стратегиялық даму мәселелері бойынша бірқатар пікірлері, сұхбаттары жетекші іскерлік және қоғамдық-саяси БАҚ-та жарияланған. Сондай-ақ жинақтарды қорғау және жалпы қаржылық сауаттылық мәселелерінің барлық спектрі бойынша кең аудиторияға арналған бірқатар шолу мақалалары жарияланды. Қор таратылған банктердің салымшыларын бірқатар дәлелді себептер бойынша есеп айырысудың жалғасуы туралы хабардар етуді жалғастырды. Қордың негізгі талдау бөлімшесі БАҚ үшін қазақстандық депозиттік нарық бойынша сапалы талдауды, аса маңызды трендтерге шолуларды, елдік талдауды ұсынды. Арнайы резерв активтерінің бір бөлігін жеке басқаруға беру туралы шешім де кеңінен жарияланды: басқарушы компаниялармен келісімдерге қол қою рәсімі бұқаралық ақпарат құралдары мен телеарналардың 20-дан астам өкілі қатысқан баспасөз конференциясымен сүйемелденді.

Салымшылармен кері байланыс Қор жұмысының маңызды бағыты болып қала береді. 2024 жыл ішінде қазіргі және әлеуетті салымшылар 1460 байланыс орталығы, электрондық пошта, әлеуметтік желілер және мессенджерлер арқылы кеңес алды. Сұрақтардың көпшілігі депозиттер бойынша кепілдіктің ең жоғары сомасына, банк лицензиясынан айырылған жағдайда өтем алу мерзіміне, ірі сомаларды орналастыруға қатысты болды. Салымшылардың өтініштері әлеуметтік желілердегі контентті жоспарлау кезінде ескерілді.

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

2024 жылы әлеуметтік-демографиялық және аймақтық қамтуы ауқымды әлеуметтік зерттеу жүргізілді, жаппай сауалнама бүкіл ел бойынша 4 000 респондентті қамтыды. Нәтижелер әртүрлі демографиялық топтардағы салымдарға кепілдік беру жүйесі туралы хабардарлық деңгейін барабар бағалауға, ақпаратты таратудың ең тиімді арналарын анықтауға, азаматтардың жинақтық мінез-құлқына әсер ететін негізгі факторларды анықтауға мүмкіндік береді. Әлеуметтік зерттеу аясында жүргізілген фокус-топтар сондай-ақ Қорға бірегей деректер береді және қазақтілді жастардың және жеке қаржысы мен қаржылық жоспарлауы тұрғысынан неғұрлым кемел аудиторияның арасындағы қаржылық сауаттылық деңгейін кеңінен бағалауға септігін тигізеді.

Жаппай сауалнама нәтижелеріне келетін болсақ, респонденттердің 42%-ы депозиттер бойынша кепілдік мәселелері бойынша хабардар болды. Ақпараттың негізгі көздері, сондай-ақ ең қолайлы ақпарат көздері банк бөлімшелеріндегі кеңес берулер, қатысушы банктердің қосымшалары мен ресми сайттары, сондай-ақ теледидар мен онлайн-медиа болды. Әлеуметтік зерттеуді орындаушылар депозиттерге кепілдік беру жүйесіне деген сенім мен банк менеджерлерінен ақпарат алудың арасындағы өзара байланыстылықты ерекше атап өтті. Қазақстандықтардың жинақтық қалауы теңгедегі салымдарға анық шоғырланған (сұралғандардың 85%-ы жинақтарды теңгеде, 12%-ы АҚШ долларында, 2,5%-ы басқа шетел валюталарында сақтауды жөн көреді), ал жинақтаудың ең көп айтылған мақсаттары – күтпеген жағдайларға қаржы резервін құру және жылжымайтын мүлік сатып алу. Салымшылардың шамамен үштен бірі (30%) депозитті айрықша мақсатсыз ашқанын немесе өз айналасындағылардың үлгілерімен ынталанғанын атап өтті.

Зерттеу нәтижелері 2025 жылы халықтың қаржылық сауаттылығы мен депозиттерге кепілдік беру жүйесіне сенімін арттыруға бағытталған ақпараттық-түсіндіру қызметінің кешенді бағдарламасын әзірлеуге негіз қалайды.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Қор халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуге және салымдарды сақтандыру саласында тәжірибе алмасуға бағытталған. Халықаралық қызмет ақпараттық ағынның орталығында болуға және екіжақты ынтымақтастықты жолға қоюға мүмкіндік береді. Шетелдік әріптестермен ақпарат алмасу Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру жүйесін және Қордың жұмысын жақсарту үшін озық тәжірибені пайдалануға мүмкіндік береді.

Қордың халықаралық қызметі үш негізгі бағытқа шоғырланған:

1) ДСХҚ комитеттерінің жұмысына қатысу: 2003 жылы ДСХҚ-ға қосылу арқылы Қор депозиттерді сақтандыру саласындағы стандарттарды талқылауға қатысуға мүмкіндік алды. Қор аймақтық: Азия-Тынық мұхиты, Еуразиялық және Еуропалық комитеттерге кірді. 2022 жылдың соңында Қор Төрағасы осы ұйымның Атқарушы кеңесінің (ExCo) құрамына кірді;

2) екіжақты ынтымақтастық және тәжірибе алмасу: Қор 1999 жылы құрылғаннан бері депозиттерді сақтандырумен айналысатын шетелдік ұйымдармен байланыстарды нығайтып, озық тәжірибелермен алмаса отырып, белсенді ынтымақтастықта болды;

3) ЕЭО елдерінің депозиттерін сақтандыру саласындағы заңнаманы үйлестіру жөніндегі сараптау тобына қатысу: сараптау тобы ЕЭО-ға мүше мемлекеттердің салымдарды сақтандыру, дәрменсіз қаржы ұйымдарын тарату және қаржылық сауықтыру, оның ішінде озық әлемдік тәжірибе мен озық іс-тәжірибелерді талдау бөлігінде заңнаманы үйлестірудің неғұрлым маңызды бағыттары (параметрлері) бойынша сараптамалық қорытындыларды әзірлеумен айналысады.

2024 жылы ExCo басқару мәселелері жөніндегі жұмыс тобының отырыстары, аймақтық комитеттердің жылдық жиналыстары, ДСХҚ жылдық жиналысы өткізілді. Қор ДСХҚ іс-шараларына, аймақтық комитеттерге және шетелдердегі халықаралық конференцияларға белсенді қатысты, онда ДСХҚ және аймақтық комитеттерді басқару мәселелері, депозиттерге кепілдік беру жүйесінің құрылымын құру, оның ішінде депозиттерді сақтандырушылардың қаржылық қауіпсіздік жүйесінің басқа қатысушыларымен өзара іс-қимыл мәселелері талқыланды. Қордың Төрағасы мен Төрағаның орынбасарлары негізгі іс-шараларға, соның ішінде ДСХҚ жылдық жиналысына, Азия-Тынық мұхиты және Еуразия аймақтық комитеттерінің жылдық жиналыстарына және ExCo отырыстарына қатысты.

2024 жылы ДСХҚ іс-шараларында талқыланған басты мәселелердің бірі – ДСХҚ депозиттеріне кепілдік берудің тиімді жүйелеріне арналған жаңа Негізге алынатын қағидаттардың жобасы болды. 2009 жылы ДСХҚ 2014 жылы қайта қаралған алғашқы қағидаттар жинағын жасады. 2014 жылғы қағидаттар қазіргі уақытқа дейін қолданылуда.

Жаңа қағидаттарды әзірлеу қаржы және цифрлық индустриядағы жинақталған өзгерістерге байланысты депозиттерді сақтандыру стандарттарын өзектендіру қажеттілігінен туындайды. Жаңа қағидаттар жобасы 2024 жылдың қараша айында өткен ДСХҚ жылдық жиналысында таныстырылды. Ол саладағы құрылымдық өзгерістерді, депозиттерді сақтандырушылардың төлеуге қабілетсіз қаржы институттарын реттеуге қатысуын кеңейту үдерісін, сондай-ақ АҚШ пен Швейцариядағы 2023 жылғы Банктік сілкініс сабақтарын ескереді (Silicon Valley Bank, Credit Suisse). Жаңа қағидаттарды 2025 жылы бекіту жоспарланып отыр.

Келесі жылы Қор Азия-Тынық мұхиты және Еуразия аймақтық комитеттерінің жылдық жиналысы мен Халықаралық конференцияны қабылдаушы тарап болады. Бұл маңызды іс-шаралар депозиттерді сақтандырушылар мен ДСХҚ өкілдерін, сондай-ақ 30 елден депозиттерді сақтандыру саласындағы жетекші сарапшыларды жинайды. Қатысушылар өзекті мәселелерді талқылайды, тәжірибе алмасады және ДСХҚ комитеттерінің жұмысын қорытындылайды.

Екіжақты ынтымақтастықты нығайту жөніндегі жұмыс шеңберінде 2024 жылғы қазанда Өзбекстан банктеріндегі азаматтардың салымдарына кепілдік беру қорымен, ал 2024 жылғы қарашада Филиппиндік депозиттерді сақтандыру корпорациясымен өзара түсіністік туралы меморандум жасалды. Сондай-ақ Қор Қазақстанда депозиттерге кепілдік беру жүйесін ұйымдастыру және өз қызметі мәселелері бойынша Беларусь, Вьетнам, Индонезия, Корея, Қырғызстан, Пәкістан және Өзбекстанның депозиттерді сақтандырушы ұйымдарымен өзара тәжірибе алмасты.

Интеграциялық процестер шеңберінде Қор Еуразиялық экономикалық комиссияның Қаржы нарықтары жөніндегі консультативтік комитеті жанындағы ЕЭО аумағында банктік салымдарды (депозиттерді) сақтандыру (кепілдік беру), кредиттік ұйымдарды жақсарту және тарату саласындағы заңнаманы үйлестіру мәселелері бойынша Сараптау тобының отырыстарына тұрақты негізде белсенді қатысады.

2024 жылы Қор Сараптау тобының 7 отырысына қатысты. Сараптау тобының мүшелері банктің қаржылық тұрақтылығы мен дәрменсіздігін реттеу мәселелерін, депозиттерді сақтандыру жүйесі туралы жұртшылықты хабардар етуді, сақтандыру өтемін төлеу үшін агент-банктерді іріктеуді қоса алғанда, түрлі мәселелер бойынша сараптамалық қорытындыларды келісті.

2024 жылдың қазан айында Алматыда Қор Сараптау тобының, ЕЭО депозиттерді сақтандырушылар басшылары кеңесінің отырыстарын, цифрландыру, Автоматтандыру және ақпараттық технологиялар саласындағы өзара іс-қимыл жөніндегі жұмыс тобының отырысын және «Депозиттерге кепілдік беру жүйесі: құрылымдық өзгерістер, трансформация және жаңа сын-тегеуріндер дәуірінде» халықаралық конференциясын өткізді.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың қазақстандық теңгемен	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан
АКТИВТЕР		
Қолма-қол ақша және ақша қаражаттарының баламалары	94 829 960	69 528 522
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар	1 464 877 789	1 212 700 341
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар	-	-
Дебиторлық берешек	5 494 371	7 412 520
Басқа активтер	419 452	154 999
Кейінге қалдырылған салық активі	56 318	47 911
Материалдық емес активтер	48 736	50 077
Негізгі құралдар	102 203	69 147
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ	1 565 828 829	1 289 963 517
МІНДЕТТЕМЕЛЕР		
Бағалау міндеттемелері	55 921 437	56 337 340
Депозиторлар алдындағы төлем бойынша міндеттемелер	-	-
Басқа міндеттемелер	463 406	297 937
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ	56 384 843	56 635 277
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ		
Акционерлік капитал	235 794 400	235 794 400
Бөлінбеген пайда	173 215 056	133 013 747
Эмиссиялық кіріс	544	544
Арнайы резерв	1 160 135 133	970 240 870
Қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв	(62 059 091)	(108 079 265)
Басқа резервтер	2 357 944	2 357 944
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ	1 509 443 986	1 233 328 240
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ	1 565 828 829	1 289 963 517

ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗАЛАЛ ЖӘНЕ БАСҚА ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың қазақстандық теңгемен	2024 ж.	2023 ж.
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісімен есептелген пайыздық кірістер	147 702 949	137 590 097
Қатысушы банктердің жарналарынан түсетін кіріс және мәжбүрлеп таратылатын банктердің тарату комиссиясынан түсетін түсімдер	56 890 214	50 111 968
Мәжбүрлеп таратылатын банктердің депозиторларына өтем бойынша шығыстар	(9 698)	(49 988)
Шетел валютасымен жасалатын операциялардан таза пайда/ (залал)	27 610 944	(2 713 620)
Күтілетін кредиттік залалдар бойынша бағалау резерві	(163 784)	(1 462 894)
Бағалау міндеттемелері бойынша резерв	415 903	1 597 045
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтерін тануды тоқтату нәтижесіндегі таза пайда/ (залал)	(61 295)	530
Басқа операциялық кірістер	171 414	56 339
Әкімшілік және өзге де операциялық шығыстар	(2 469 482)	(2 063 644)
Салық салуға дейінгі пайда	230 087 165	183 065 833
Корпоративтік табыс салығы бойынша үнем	8 407	4 383
БІР ЖЫЛДАҒЫ ПАЙДА	230 095 572	183 070 216

Басқа жиынтық шығын

Қайта жіктелген немесе кейіннен пайда немесе залал ретінде қайта жіктелуі мүмкін баптар:

Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық құралдарға қайта жіктеуден әділ құнның өзгеруі		(109 017 345)
Қайта жіктеуден кейін басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдардың әділ құнының өзгеруі	45 707 662	(938 541)
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын үлестік құралдардың шығуы нәтижесінде пайда немесе залал құрамына қайта жіктелген сома	61 295	(530)
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік залалдар бойынша бағалау резервінің өзгеру шамасы	251 217	1 877 151
Басқа шығындар	-	(103)
Қайта жіктелген немесе кейіннен пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелуі мүмкін барлық баптар	46 020 174	(108 079 368)
Жыл ішіндегі басқа жиынтық пайда/ (залал)	46 020 174	(108 079 368)

БІР ЖЫЛДАҒЫ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫСТЫҢ ЖИЫНЫ	276 115 746	74 990 848
---	--------------------	-------------------



МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың қазақстандық теңгемен	Акциянерлік капитал	Эмиссиялық кіріс	Резервтік капитал	Қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв	Арнайы резерв	Бөлінбеген пайда	Жиыны
2023 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	235 794 400	647	2 357 944	-	804 355 658	115 828 743	1 158 337 392
Бір жылдағы пайда	-	-	-	-	-	183 070 216	183 070 216
Басқа жиынтық шығын	-	(103)	-	(108 079 265)	-	-	(108 079 368)
2023 жылғы жиынтық шығын жиыны	-	(103)	-	(108 079 265)	-	183 070 216	74 990 848
Арнайы резервті қалыптастыру және қайта бөлу	-	-	-	-	165 885 212	(165 885 212)	-
2023 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	235 794 400	544	2 357 944	(108 079 265)	970 240 870	133 013 747	1 233 328 240
Бір жылдағы пайда	-	-	-	-	-	230 095 572	230 095 572
Басқа жиынтық табыс	-	-	-	46,020,174	-	-	46 020 174
2024 жылғы жиынтық табыс жиыны	-	-	-	46 020 174	-	230 095 572	276 115 746
Арнайы резервті қалыптастыру және қайта бөлу	-	-	-	-	189 894 263	(189 894 263)	-
2024 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	235 794 400	544	2 357 944	(62 059 091)	1 160 135 133	173 215 056	1,509,443,986

АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың қазақстандық теңгемен

2024 ж.

2023 ж.

Операциялық қызметтен түсетін ақша ағындары

Міндетті күнтізбелік жарналардың түсуі	54 463 534	41 492 546
Тарату комиссиясынан түсетін түсім	4 391 747	4 972 730
Орналасстырылған салымдар бойынша сыйақы түсімі	7 468 271	16 504 408
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар бойынша алынған пайыздар	-	87 070 585
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар бойынша алынған пайыздар	105 988 686	14 755 160
Кері «РЕПО операциялары» бойынша алынған пайыздар	3 995 442	-
Депозиторларға кепілдікті өтем төлеу	(9 698)	(49 988)
Алынған басқа операциялық кірістер	26 313	8 173
Персоналды ұстауға төленген шығыстар	(1 062 594)	(952 512)
Төленген әкімшілік және өзге де операциялық шығыстар	(3 844 453)	(845 024)

Операциялық қызметтен алынған таза ақша қаражаты

171 417 248

162 956 078

Инвестициялық қызметтен түсетін ақша ағындары

Амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар сатып алу	-	(312 052 461)
Амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін борыштық бағалы қағаздарды өтеуден және сатудан түсетін түсімдер	-	182 746 983
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар сатып алу	(749 560 245)	(119 519 332)
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарды өтеуден және сатудан түсетін түсімдер	603 522 022	50 000 000
Негізгі құралдарды сатып алу	(57 645)	(42 511)
Материалдық емес активтерді сатып алу	(44 702)	(59 492)

Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты

(146 140 570)

(198 926 813)

Бір жылдағы ақша қаражаттары мен ақша қаражаттары баламаларының таза өзгеруі	25 276 678	(35 970 735)
Валюта бағамының өзгеруінің ақша қаражаттарына және ақша қаражаттарының баламаларына әсері	5 959	804 144
Күтілетін кредиттік залалдар бойынша ақша және ақшалай баламалар бойынша бағалау резервіндегі өзгеріс	18 801	(31 966)
Жыл басындағы ақша қаражаттары мен ақша қаражаттарының баламалары	69 528 522	104 727 079

Жыл соңындағы ақша қаражаттары мен ақша қаражаттарының баламалары

94 829 960

69 528 522

ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҰҒЫМДАР МЕН ҚЫСҚАРМАЛАР

ҚНРДА – Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі

Банк, қатысушы банк – тартылған депозиттерді қайтару бойынша міндеттемелеріне Заңға сәйкес кепілдік берілген ДКЖ қатысушысы болып табылатын екінші деңгейдегі банк (Қазақстан Республикасының резиденті емес банк филиалы)

Агент-банк – ДКЖ қатысушысы болып табылатын және Қормен жасалған келісім негізінде Кепілдік берілген өтемді төлеу жөніндегі рәсімдерді орындайтын банк.

Қосылу шарты – талаптарын Қор айқындаған және ДКЖ-ға кіретін барлық банктер (Қазақстан Республикасының резидент емес банк филиалдары) үшін стандартты болып табылатын ДКЖ-ға банктің (Қазақстан Республикасының резидент емес банк филиалының) қосылу шарты

ЕЭО – Еуразиялық экономикалық одақ

БЖЗҚ – Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры

Заң – «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

Консультативтік кеңес – Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығын қоса алғанда, қатысушы банктердің мүдделеріне өкілдік ететін және олардың өкілдерінен қалыптастырылған Қордың алқалы консультативтік-кеңесші органы

Таратылатын банк – барлық банк операцияларын жүргізуге лицензиясынан айырылған және (немесе) мәжбүрлеп тарату процесінде тұрған банк

ДСХҚ, IADI – депозиттерді сақтандырушылардың халықаралық қауымдастығы

ХВҚ – Халықаралық валюта қоры

ҚРҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

FSAP – қаржы секторын бағалау бағдарламасы

ҚР – Қазақстан Республикасы

ДКЖ – депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесі

Қор (ҚДКБК) – «Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ

P&A – Purchase and Assumption (төлемге қабілетсіз қатысушы банктің не барлық банк операцияларын жүргізуге лицензиясынан айырылған қатысушы банктің активтері мен міндеттемелерін басқа банкке (басқа банктерге) бір мезгілде беру операциясы)



ДӘСТҮРДІ ЖАЛҒАСТЫРАМЫЗ –
БАЙЛЫҚТЫ САҚТАЙМЫЗ